

## ТОЛЫБАЙ БИДІҢ ТАРИХТАҒЫ ОРНЫН ҒЫЛЫМИ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ

Амирканов М.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті деканның  
оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары  
Болысбеков Н.Н.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Бейіндік мектеп директорының бейінді оқыту жөніндегі орынбасары

Халқымыздың хас тұлғаларының тарихын түгендеп, мұрасы мен мұратын санамызға салып, қолымызға ұстатқан тәуелсіздігіміздің шапағаты екені айқын шындық.

Тәуелсіздігіміздің таңымен бірге арыстарымыз бен асылдарымыздың бейнесі жарқырап шықты. Ақиқат жолында ұлтқа қызмет етіп, ақтандақтарды аршыған тарихшылар, ғалымдар мен ақын-жазушылар болды.

Олардың нақты зерттеулері, тер төккен еңбектері арқылы қазақ халқының рухани қазынасына қаншама ұмыт бола бастаған ұлы тұлғалардың есімдері қосылды. Осындай еңбектер арқылы тегін танып, тамырынан көктеген ұрпақ өсіп жетілді. Сонау аумалы-төкпелі замандарда ел қамын жеген ерлері, әділдіктің ақ туын түсірмеген білімпаз билері өткен. Билер халықтың көкейіндегісін айтқан, көмейіндегісін жарыққа шығарған.


Бұл тұлғаның ерекшелігі сонда, биді байлық та, барлық та жасай алмаған. Би тұғырына топты жарып, таразы басын тең ұстап, әділдікті сақтап, қара қылды қақ жарып айтатын парасатты адамдар көтерілген. Биге табиғи дарын, текті ақыл, алыстан көріп, барлай алатын, оны зерделей білген дана, сөздің майын ағызатын дүлдүл шешендер жатқан. Қазақ халқының тарихында би-шешендердің алатын орны мен үлес салмағы, маңыздылығы айрықша.

Қиын-қыстау заманда билер ел тағдырын төрт-ақ ауыз сөзбен шешіп отырған. Соның бірі XVIII ғасырда өмір сүрген - Толыбай би. Ол – Орта жүз, найман ішіндегі Қаракерей, Жаңбыршы руынан шыққан.

Толыбай би – қазіргі Жетісу облысы Алакөл өңірінде дүниеге келген.

Арғы атасы – Жаңбыршы. XVII ғасырда қалмақтарға қарсы соғыстарға қатысқан қазақ батыры. Ол ел тағдырын бәрінен биік қойған, ұлттың тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен тұлға.

Өз әкесі – Бектемір. Шын есімі - Бектібай. Өте қайратты, денесі құйған шойындай шымыр, додаға түсіп, белбеу байлап күрескенде оған тең келер палуан адам болмаған.



Толыбай – ел басқару ісіне ертерек араласып әділдік танытып халық арасында ақыл-кеңесімен ерекшеленіп, құрметке бөленіп би аталған. Сондай-ақ, ол өзінің алғырлығымен билікке араласып, әділдігімен, шешендігімен елге танылып – Абылай ханның сенімді серігі, ту ұстаушыларының бірі болды /1/.

Ту ұстаушы дегеніміз - елдің елдігін, ердің ерлігін адамзатқа паш ететін халық атынан сөйлейтін тұлға, ұлттың сөзін айтатын адам.

Толыбай бидің өмір сүрген жылдары қазақ-жоңғар арасында ұдайы соғыс жалғасып тұрды. Бірегей қазақ хандығын нығайтуға жоңғар шапқыншыларына қарсы күресте қазақ халқының арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыруға, нығайтуға көп еңбек сіңіргін тұлға.

Сол кезде қазақтың ханы болған Абылайдың айналасында ең мықты батырлар, билер жиналғаннан тарихтан аңғаруымызға әбден болады. Тарихқа көз жүгіртсек қазақ халқының бостандығы мен бірлігі, мемлекеттің тәуелсіздігі үшін хан Абылайдың және оның айналасындағы ел батырлары, билерінің алға ұстаған саясаты мен мақсаты жоғары тұрды /2/.

Толыбай би туралы деректер Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса» (бес тарих) атты еңбегінде кездеседі. «Тауарих хамса» атты еңбек алғаш рет 1910 жылы Қазан қаласында «Өрнек» баспасынан басылып шыққан. Бұл еңбек 1992 жылы шағатай тілінен қазақ тіліне алғаш рет аударылды.

Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса» атты еңбегінде Абылай хан өлген соң найман еліне үлкендік айтар кісі қалмай бірін-бірі шауып, талап әбігерге ұшырап, ақыры үлкендер жиналып, біреуге билікті бермесек болмайды екен десіп, негізгі орталықтан бір ханзада әкелмесе болмас деп - Сыбаннан Ботақара би, Мұрыннан Боранбай би, Қожамбеттен Сырымбет би, Қыржыдан Қыстаубай би, Байсиықтан Толыбайлар барып...кіші жүзден Әбілмәмбет хан шақырылды делінген /3/.

Ал тарихшы Жамбыл Артықбаев - Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса» атты еңбегінде бірсыпыра қателіктер бар екені туралы 2017 жылы 6 қарашада «Әбілпейіз сұлтанның Шығысқа аттануы» атты «Qazaqstan tarihy» порталында жариялаған мақаласында Толыбай және басқа да билер туралы былай деп жазады:

Мысалы, Наймандар Әбілмәмбетті сұрай барды дейтін әңгіме, шын мәнінде олар Түркістанда отырған қазақтың ұлы ханы Әбілмәмбеттен оның балаларының бірін сұрап барғаны сөзсіз десе.

Сол кезде қазақ басшыларының кеңесі Түркістанда Әбілмәмбеттің ордасы аталатын Йассауи кесенесіне жақын орналасқан үлкен құрылысты хан сарайында өткен еді.

Хан кеңесінде талқыланған мәселелердің бастысы Әбілмәмбеттің бел баласы Әбілпейіз сұлтанды қалмақтан босаған ұлан-байтақ кең алқапқа басшы қылып тағайындау болды. Ақыры қара қалмақтың жұртына иелік жасау Әбілпейіздің пешенесіне жазылады.

Хан кеңесінде, Әбілпейізді Найман мен Абақ-Керейге бекітуінің де себебі түсінікті, бұл елдер шығысқа қарай жылжыған қазақ көшінің басында тұрды.

Ендеше ол жерде елді басқара алатын, ұйымдастырып еншісін алып беретін текті сұлтан болу керек еді.

Хан кеңесі - Қытайдан қауіптеніп отырған қалың Найман мен Абақ-Керейді және Алтай мен Тарбағатайды игеруді Әбілпейіздің жауаптылығына жүктеді. Ташкент пен Түркістан арасынан аса алмай отырған Ұлы жүздің үйсін-дулаты Жетісуға қайта қоныс салуға асық, олардың көштеріне де басшылық керек. Әбілпейіздің негізгі міндеті осы елдерге қорған болу, шаруашылығын жүргізу, көрші мемлекеттермен шекараны реттеу еді.

Осы жиында Нияз аталық: - Әу, халайық, арыстандай азаматты айдаһардың аузына жұмсап отырмыз, кім бұған жат жерде жанына сүйеніш болады? – деп көпке сауал тастайды. Осы жиында отырған қалың найманның бетке ұстар азаматтары – Ботақара би, Боранбай би, Сырымбет би, Қыстаубай би, Толыбай батырлар, «біз бар емеспіз бе, екі тізгін, бір шылбырды бердік қолына» деп өре түрекеліпті.

Шеттегі ауыл көпсе, ортадағы ауыл шет болады, Шеттегі ауылда арқасы жауыр болмаған, ортаға қонып, ауыл болуға жарамайды. Біз бір Аллаға сиынып ата қонысымыз Алтай мен Тарбағатайды бауырлай қонуға бел будық.

Хан ием, Әбілпейіз сұлтан жерім-елім дейтін болса, біздің жанымыз ханзаданың алдында құрбандық, - деп найман билерінің ішіндегі үлкені Ботақара би мойнына кісесін салып жіберіп елдің алдына шықты. Жиынның ортасында бір шоқ боп отырған найманның ел ағалары мойындарына кіселерін салып, Әбілмәмбет ханның алдында жүгініп отыра кеткенде жиналған қамкөңіл қазақтың бәрінің де көңілі босап, көздерінен жас шыққан.

Осы жиында бас қосқан ел ағалары, ақсақалдар Әбілпейізге ауыр міндет жүктеді: Сұлтан ием, бізге дейінгі қариялардан қалған бір сөз бар, ел билеймін десең ішің толған бауыр болсын, арқаң тесік жауыр болсын, құлағыңның түбінен сыбыр кетпесін, ордаңның сыртынан дүбір кетпесін деген. Осыған шыдасаң ғана ел басқарасың.

Құдайға шүкір, саған тұғыр болатын қалың елің бар, садағын сағымға ілген ақсүйек тегің бар. Сен қазақ жұртының Алтайдан бастап Алатауға дейінгі ұлан-байтақ ата қонысын қайтаруға аттанып барасың, сен ата-бабаларымыздың кіндік қаны тамған қасиетті жұрттың иесі боласың. Жолың болсын, жолдасың қыдыр болсын, - деген екен.

Шығыс өңіріне аттанып бара жатқан Әбілпейізге Әбілмәмбет хан өзінің сенімді төлеңгіттерінен Жаназар батырды бас қылып бірнеше ауыл берген.

Әбілпейіздің келгені қазақтың найман мен абақ-керей қоныстана бастаған Шығыс өлкесіне үлкен қайрат бітіріп, елдің берекесі қайта түлеп, басы қосылып, жігерленіп Алтай етегін түгел иемдене бастағаны айтылған /4/.

Зардыхан Қинаятұлы Найман хандығы: тарихы және мәдениеті (XII-XIX ғғ) атты ғылыми еңбегінде Абылай ханның кезінде қазақтар қанша тарқақ тұрса да барлығы Қазақ хандығына бағынатын. Бірақ Абылай өлгеннен кейін елден бірлік кете бастайды. Сонымен найманның бас биі (сыбан Ботақара би, мұрын Боранбай би, қожамбеттен Сырымбет би, қыржыдан Қыстаубай би,

байсиықтан Толыбай би) бас қосып төре тұқымынан бір беделді адамды шақыртыпмұнда келген еді басқартсақ деген шешімге келеді. Сөйтіп олар Әбілмәмбет ханның ұлы 14 жасар Әбілпейізді шақырады. Әбілпейіз сыбан Ботақара би ауылына келіп қоныстанып, сонда ордасын тігіп, мешіт салдырып, руы қожа Айып деген адамды имам сайлап бірер жыл тұрған екен.

Әбілпейіз билігіндегі наймандар Құлжа, Шәуешек, Зайсан көлінен жоғары Маңырақ, Сауыр, Сайхан тауларына дейін, одан ары Ертіс өтіп Алтай бөктеріне дейін жайыла қонстанады. Аталған жұртты үш ұрпағына дейін Әбілпейіз әулеті (Әбілпейіз – Ханқожа – Сыбанқұл) басқарғаны жазылған /5/.

Бұл еңбекте Толыбай би өмір сүрген тұстары Абылаймен тең келер тағы бір сұлтан Ханқожа жайлы былай делінген: Ханқожаны қытайдың бір деректерінде «Ханбаба» деп атаған. Ханқожа Чиң патшалығына танымал тұлғалардың бірі болды. Мысалы, Цянь Лун жылнамасының 1723 жылдың 13-ші қарашасында жазылған «Қазақтардың шығу тегі» атты хаттамасында «Орта жүзде тағы бір хан бар, оның аты Ханбаба сұлтан, ол найман деген үлкен тайпаны басқарады, орны Абылаймен тең» деп көрсеткен. Ол мәмлегер (дипломат) адам болған. Өз заманында Цянь Лунь патшаға бес рет (1758, 1762, 1786, 1790, 1795) елші аттандырған тұлға.

Тарихта Әбілпейіз ұрпағының әулеттік билігін ақыры қытайларда мойындап, арғында Алтынсары төреге хандық, найманда Ханқожа төреге уаң, керейде Көкетай төреге гуң лауазымын берді деп жазады Құбанғали Халид.

Барлығыда хан ұрпағы, төре бола тұра оларға түрлі дәрежедегі лауазым беруінің себебін ол былайша түсіндіреді. «Керейді билеген төреге гуң атағын беруі ол керейлердің қытаймен аралас тұруында, найман билеушісіне уаң лауазымын беруі ол наймандардың шекарада (қауіпті аймақ) тұруында, ал арғын билеушісіне хан атағын беруі қытай үшін қауіпсіз алыста тұруында» - дейді автор. Біздіңше автордың анықтамасы қисынды. Өйткені жақындағысын кіші лауазыммен алақанында ұстап, алыстағы жұртты оның билеушісіне берген атақ лауазымының күшімен арбап ұстау қытайдың ежелгі саясаты. Бұл салтты кезінде Шыңғыс хан да қолданғаны айтылған /6/.

Ал қазақтың ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасында Толыбай бидің Абылай ханның айналасында болғаны былай жырланады:

Жиылды өңшең ноян ығай-сығай  
Байжігіт Тасболат пен би Толыбай,  
Ту баста Абылайды хан көтерген  
Қамқоры қарауылдың шешен Қанатбай.

Ашуы жауған қардай, шөккен нардай,  
Қарт қыран қанжығалы қарт Бөгенбай.  
Бөкеннің жас жолбарыс жеткіншегі,  
Аузынан жалын шашқан жас Жанатай.

Найзасын нажағайдай ойнататын,  
Жас барыс Бәсентиін Сары Малай.  
Балталы, екпінді оттан Оразымбет,  
Сырғалы, шапшаң оқтан ер Елшібек.

Өзіне тірі жанды тең көрмейтін,  
Тәкаппар қошқар ұлы ер Жәнібек.  
Қалданға ханмен бірге тұтқын болған,  
Жолдасы Абылайдың батыр Жәбек.

Майданда от шашқандай оқ шашатын,  
Сырттаны Бәсентиін ер Сырымбет.  
Әрі ақын, әрі батыр қарабұжыр,  
Айтатын үрлеп барып асқанға сыр.  
Бұқар мен Тәттіқара жырлағанда,  
Толқынды тұңғиық боп төгілер жыр /7/.

Міне, Абылай айналасы, оның төңірегін толтырған ел жақсылары. Би де, батыр да, жырау да, шешен де – Абылайдың жанында. Өйткені Абылай әділ патша болды.

Толыбай би – сонау қиын-қыстау сергелдең заманда айналасындағы халыққа жол нұсқап, дұрыс бағыт-бағдар беріп, жол көрсеткен тұлға. Мол дәулетімен бір тоқшылық, бір жоқшылық заманда елге қамқор болып, айналасына қолы ашық жомарт жан болған екен.

Мұның бәрін жазудағы себеп – ата-бабаларының рухына ұрпақтары әрдайым бас иіп, олардың жасаған ерліктері жайлы жақын танысса деген ой.

Қазіргі таңда Толыбай бидің ұрпақтары Жетісу облысының Алакөл ауданында тұрып жатқаны анық. Олардың ішінде ержүрек, қайсар-қайратты азаматтар жетерлік. Жалпы тарихта жеке тұлғаларды ғылыми тұрғыдан зерттеп, олар жайлы мәліметтерді тарихқа жиі жазу қажет.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Ж.Қ.Жұманов Найман-Қаракерей Жаңбыршы руының шежіресі. Алматы, 2001 ж.
2. Қ.С.Қаражан., Ж.Әбсеметова., Ф.А.Қозыбақова., Т.Мекебаев., С.С.Саржанова., С.Смағұлов., Ш.Б.Тілеубаев Қазақстан тарихы Алматы, 2009 ж. 124 б.
3. Құрбанғали Халид «Тауарих хамса» (бес тарих) Алматы, 1992 ж.
4. Жамбыл Артықбаев «Әбілпейіз сұлтанның Шығысқа аттануы» 2017 жыл 6 қараша <https://e-history.kz/kz/news/show/560/>
5. Зардыхан Қинаятұлы Найман хандығы: тарихы және мәдениеті (XII-XIX ғғ) Алматы, 2017 ж. 353 б.
6. Зардыхан Қинаятұлы Найман хандығы: тарихы және мәдениеті (XII-XIX ғғ) Алматы, 2017 ж. 355 б.
7. Мағжан Жұмабаев Шығармалар жинағы. Алматы, 2013 ж. 247 б.